

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" мемлекеттік мекемесін тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қазандағы N 1051 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайын құру туралы" 2004 жылғы 28 тамыздағы N 1431 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" мемлекеттік мекемесі таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 4

қ а з а н д а ғ ы

N 1 0 5 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілсін

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 563 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. "Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қарашадағы N 1172 қаулысында : көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде : реттік нөмірі 20-жол алынып тасталсын.

3. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында : көрсетілген қаулыға 311-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

"экспонаттарға арналған витриналар - 100 бірлік;", "жарық беру құралдары - 150 дана;", "арнайы витриналар - 100 дана;" деген жолдар алынып тасталсын;

"экспонаттар - 2537" деген жолда "2537" деген сандар "1088" деген сандармен ауыстырылсын.

4. "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IV "Шығындар" деген бөлімде:

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" деген функционалдық топта :

01 "Мәдениет саласындағы қызмет" деген ішкі функцияда:

235 "Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі" деген әкімші бойынша:

003 "Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау" деген бағдарламада "480219" деген сандар "469734" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 101 "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі" деген әкімшімен және 004 бағдарламамен толықтырылсын:

"101 Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі 10485;

004 Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау 10485".